

Датчиктерге кіріспе, өлшеу приборлары және өлшеулер

Тақырыбы:
ТЭМП-2 қаттылықты өлшеуіш
құралы

Орындаған: Қалдыбаев Жақсылық,
Базарбаев Көбейсін

Тексерген: аға оқытушы Епенова Жанар Абиловна

Ақтау-2019

Жалпы мәлімет

- Твердомер құрыштардың, құймалардың және олардың Бриннель (HB), Роквелль (HRS), Шор (HSD), Виккерс (HV) шкалалары бойынша дәнекерлік қосындыларды экспрессивті өлшеуге, сондай-ақ ГОСТ 22761-77 бойынша перлиттік кластың көміртектеc құрыштары үшін созылғыштығы R_m () (кгс/мм) бойынша төзімділік шегін анықтауға арналған құрал.

Артықшылықтары:

- Қаттылықты өлшеуді дененің үстіне қатысты көрсеткіш жағдайының әр түрлі бұрыштарында өткізуге болады.
- Твердомердің бағдарламаланғанын пайдалана отырып, аспап жадына өзіңіздің үлгілік шегіңіз бойынша (HB, HRS, HSD, HV) немесе шойын, түсті металдар және олардың құймалары, резеңке және т.б. сияқты материалдарға арналған белгілі үлгілер бойынша өзіңіздің қаттылық шкалаларыңызды енгізуге болады.

ТЭМП-2 қаттылықты өлшеуіш құралы




Пайдаланылатын аумағы

- Твердомерді өндірістік және лабораториялық жағдайларда машина құрастыруда, металлургияда, энергетика және т.б. өндіріс салаларында, сондай-ақ жөндеу-монтаждық мекемелерінде қолдануға болады.

Өлшеу объектілері:

- Ірі габаритті өнімдер, өлшеуге қиындық келтіретін аймақтары бар тораптар мен күрделі пішіндегі детальдар, соның ішінде: әр түрлі мақсаттағы қысым түтікшелері, құбырлар, турбиналар мен генераторлардың роторлары, прокаттық станоктардың біліктері, буынды біліктер, тегершіктер, әр түрлі транспорттық құралдардың детальдары мен тораптары, рельстер, вагон, электро және тепловоздардың дөңгелектері, өндірістік жартылай фабрикаттар және т.б. болып табылуы мүмкін.


Жалпы құрылысы



1. Корпусқа бекітілген электрондық блок
2. Итергіш(толкатель)
3. Дисплей
4. Басқару панелі
5. тұрақты магнит
6. Шар тәріздес индентор
7. Экрандалған кабель
8. Түсіруші батырма
9. Взвод механизмі
10. Бағыттаушы түтікшеден
11. Негізгі серіппе
12. Индукциялық катушка
13. Демеуші сақина
14. Өлшенетін дене

Жұмыс барысы:

Аспапты цехтық жағдайларда массалық өндіріс бөлшектерінің қаттылығын жедел бақылауға пайдалануға болады.



Массасы аз өнімдер қаттылығын өлшеу үшін оларды литол тәрізді қою жақпаны массасы 2 кг-нан жоғары және қалыңдығы 50 мм-ден жоғары, тегістелген құрыш плитаға жаққан сияқты етіп сүртіп шығуға болады.